



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ БАНКІ  
№ 21 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ**

**2007 ЖЫЛҒЫ 6 МАУСЫМ**  
**Халықаралық резервтер, ақша базасы, Ұлттық**  
**қордың шоттарындағы ақша қаражаты және**  
**ағымдағы жылы маусым айында ноталар**  
**шығару кестесі туралы**

**1. Халықаралық резервтер және ақша базасы.** Халықаралық резервтер (Ұлттық қордың ақшасын есепке алмағанда) және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ақша базасы 2007 жылғы 31 мамырда мыналарды құрады:

	Ағымдағы бағамен	Тұрақты бағамен <sup>1</sup>
<b>Таза халықаралық резервтер, млн. долл.</b>	<b>21 755,2</b>	<b>21 708,3</b>
оның ішінде:		
ЕАВ <sup>2</sup> -мен таза активтер	20 280,3	20 280,3
Алтын	1 474,9	1 428,0
<b>Ақша базасы, млрд. теңге</b>	<b>1 602,7</b>	<b>1 602,7</b>
Тар ақша базасы <sup>3</sup> , млрд. теңге	1 481,4	1 481,4
ЕДБ <sup>4</sup> ҚРҰБ-дегі мерзімді депозиттері, млрд. теңге	121,3	121,3
KZT/USD (кезең соңында)	121,62	127,00
Алтынның бағасы (1 трой унциясына USD-мен)	656,60	635,70

*1 теңгенің АҚШ долларына бағамы және алтынның бағасы 2006 жылдың соңындағы дерекпен көрсетілген.*

*2 ЕАВ-мен таза активтер – бұл жалпы активтер мен резидент еместер алдындағы міндеттемелер арасындағы ЕАВ-мен айырма*

*3 тар ақша базасы – бұл ЕДБ-дің ҚРҰБ-дегі мерзімді депозиттерін есепке алмағандағы ақша базасы*

*4 БВУ – екінші деңгейдегі банктер*

2007 жылғы мамырда Ұлттық Банктің халықаралық резервтері азайды.

Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері ағымдағы бағамен 2,3% өсті (немесе 507,7 млн. АҚШ долл.).

Екінші деңгейдегі банктердің Ұлттық Банктегі корреспонденттік шоттарындағы шетел валютасындағы қалдықтардың ұлғаюына және Үкіметтің шоттарына валюта түсімдеріне қарамастан ішкі валюта нарығында валюта сату, Қаржыминінің сыртқы борышына қызмет көрсету және Ұлттық қордың активтерін толықтыру бойынша операциялар жүргізу таза валюта қорларының азаюына әкеліп соқтырды.

Осылайша, таза валюта қорлары (ЕАВ) 493,5 млн. долл.-ға, жүргізілген операциялар және оның әлемдік нарықтағы бағасының 3,16 % төмендеуі нәтижесінде алтынмен активтер 14,2 млн. долл.-ға азайды.

Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері тұрақты бағамен 2,1%, ЕАВ-мен таза активтер - 2,4% төмендеді, алтындағы активтер 2,3% өсті.

Елдің халықаралық резервтері тұтастай алғанда (ағымдағы бағамен) Ұлттық қордың ақшасын қоса есептегенде (алдын ала деректер бойынша 17 462,9 млн.долл.) 1,3% өсті және 39 222,3 млн. долл. құрады.

2007 жылғы мамырда Ұлттық Банктің таза ішкі активтерінің өсуі (Үкіметтің шоттарындағы ақша көлемінің төмендеуі) ақша базасының 4,5%-ға (немесе 68,3 млрд.теңгеге) кеңеюіне себепші болды.

**2. Ұлттық қордың шоттарындағы ақша қаражаты.** 2007 жылғы маусымда Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының (бұдан әрі – Қор) шоттарындағы конвертациялауға жататын сома ұлттық валютамен **30,2 млрд. теңгені** құрады.

Ұлттық Банк 2007 жылғы маусым айында Қордың ақшасын бұдан әрі инвестициялау мақсатында Қордың активтерін конвертациялау және қайта конвертациялау ережесіне сәйкес осы соманы рұқсат етілген қаржы құралдарына конвертациялауды жүзеге асырады. Конвертация Ұлттық Банктің алтынвалюта активтерінен шетел валюталарын немесе шетел валютасындағы қаржы құралдарын Ұлттық Банктің операцияларды жүргізу күні белгіленген ресми бағамы бойынша сату, не ішкі валюта нарығында операциялар жүргізу сәтінде қалыптасқан бағам бойынша теңгеге шетел валютасын сатып алу арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

Бұл ретте Қордың шоттарына теңгемен түсімдер кепілдік берілген трансферттердің бекітілген көлеміне сәйкес ағымдағы айдың соңында немесе келесі айдың басында жүзеге асырылатын кепілдік берілген трансферттер түріндегі сома жинақталғанға дейін бір айдың ішінде конвертациялауға жатпайды.

### **3. 2007 жылғы маусымда Ұлттық Банктің ноталар шығару кестесі.**

2007 жылғы маусымда Ұлттық Банк Кестеге сәйкес қысқа мерзімді ноталардың 5 аукционын өткізеді:

<b>күні</b>	<b>Айналыс мерзімі, күн</b>	<b>Шығарылымның жария етілген көлемі, млрд. теңге</b>
01.06.2007	91	200
08.06.2007	28	200
15.06.2007	28	200
22.06.2007	182	200
29.06.2007	28	200